

## Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 543 Заңы. Күші жойылды  
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 301 Заңымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 301 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң тамақ өнімдерінің Қазақстан Республикасы аумағында дайындалуы мен айналымы кезінде олардың сапасын және халықтың денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды реттейді.

### 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі** - белгіленген жарамдылық мерзімі ішінде тамақ өнімдерін пайдалану мен (немесе) сақтаудың адамдар өмірі, денсаулығы үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тамақ өнімдерінің ерекшелігі;

2) **биологиялық жұғымды қоспалар** - жеке қолдануға немесе тамақ өнімдерінің құрамына енгізуге арналған табиғи (табиғи заттармен бірдей) биологиялық жұғымды заттар;

3) **генетикалық түрлендірілген көздер** - гендік инженерия әдістерін қолдана отырып, өсімдіктен және (немесе) малдан алынған шикізат пен өнімдер;

4) **дайындау күні** - тамақ өнімін дайындаудың технологиялық процесі аяқталған күні;

5) **орама жасау күні** - тамақ өнімін тұтыну ыдысына салу күні;

6) **тамақ өнімдерін, тамақ өнімдерімен байланыста болатын материалдар мен бұйымдарды бірдейлендіру** - белгілі бір тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың нормативтік, техникалық құжаттардың талаптарына сәйкестігін белгілейтін рәсім;

7) **тамақ өнімдерінің сапасы** - тамақ өнімдерінің нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестік деңгейін көрсететін, олардың тұтынылу ерекшеліктерінің жиынтығы;

8) **таңбалау** - тамақ өнімін дайындаушы тұтыну ыдысына (орамаға), этикеткаға, жапсырмаға, қосымша параққа, стикерге түсіретін ақпарат;

9) **тамақ өнімдерімен байланыста болатын материалдар мен бұйымдар (бұдан**

**әрі - материалдар мен бұйымдар)** - тамақ өнімдерін дайындау, өндіру, орау, сақтау, тасымалдау, өткізу және пайдалану үшін қолданылатын материалдар мен бұйымдар, соның ішінде көлік, технологиялық жабдықтар, аспаптар мен қондырғылар, ыдыс, ыдыс-аяқ, асханалық керек-жарақтар;

10) **сапасыз және қауіпті тамақ өнімдері** - тұтынылуы (пайдаланылуы) адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп келтіруі мүмкін немесе қауіп келтіретін тамақ өнімдері;

11) **нормативтік құжаттар** - тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін халықаралық, мемлекетаралық, мемлекеттік стандарттар, техникалық жағдайлар, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар және гигиеналық нормативтер, ветеринариялық (ветеринариялық-санитарлық) ережелер мен фитосанитарлық нормативтер;

12) **тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы** - тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды дайындау, әзірлеу, өндіру, сатып алу, импорт пен экспорт сақтау, тасымалдау мен өткізу, сауда және тамақтандыру саласында қызметтер көрсету, сондай-ақ сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды кәдеге жарату немесе жою;

13) **байытылған (фортификацияланған) тамақ өнімдері** - тамақтың құндылығын арттыру үшін бір немесе одан да көп қажетті ингредиенттер (витаминдер, минералдар, белоктар, амин немесе май қышқылдары) және тамақ өнімдерінде бастапқыда болмаған немесе өндіру мен сақтау процесінде жоғалтылған, сондай-ақ аурулардың алдын алу мақсатында енгізілген басқа да заттар қосылған кез келген тамақ өнімдері;

14) **тамақ қоспалары** - тамақ өнімдеріне оларды дайындау және өндіру процесінде белгілі бір қасиеттер сіңіру және (немесе) олардың сапасын сақтау мақсатында арнайы енгізілетін табиғи және жасанды заттар мен олардың қосындылары;

15) **тамақ өнімдері** - адам тамақ ретінде пайдаланатын табиғи немесе өңделген түрдегі өнімдер, соның ішінде балаларға арналған, диеталық тағам өнімдері, шөлмекке құйылған ауыз су, алкоголь өнімі, сағыз, алкогольсіз сусындар, тағамдық және биологиялық жұғымды қоспалар;

16) **өнімнің тағамдық құндылығы** - адамның қажетті заттар мен энергияға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын тамақ өнімі қасиеттерінің жиынтығы;

17) **балалар тағамы өнімдері** - он төрт жасқа дейінгі балалардың тамақтануына арналған және бала организмінің физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келетін тамақ өнімдері;

18) **жарамдылық мерзімі** - тамақ өнімі мақсаты бойынша пайдалану үшін

жарамды деп есептелетін уақыт кезең;

19) **сақтау мерзімі** - белгіленген сақтау талаптары орындалған жағдайда тамақ өнімінің нормативтік құжаттарда көрсетілген барлық қасиеттері сақталатын уақыт кезеңі;

20) **тамақ өнімдеріне, материалдар мен бұйымдарға техникалық құжаттама** - өнімнің тіршілік циклінің әрбір сатысында тікелей пайдалану үшін қажетті және жеткілікті құжаттар жиынтығы (бұдан әрі - техникалық құжаттама);

21) **тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды кәдеге жарату** - сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды олардың әуелде жаратылған және әдеттегі қолданылатын мақсатынан өзгеше мақсаттарға пайдалану;

22) **жалған тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар** - көрінеу және қасақана өзгертілген (қолдан жасалған) және (немесе) олар туралы ақпарат көрінеу сенімсіз немесе толық емес болып табылатын жасырын қасиеттері мен сапасы бар тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар;

23) **тамақ өнімдерін сараптау** - тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін анықтау, тұтынылу қасиеттерін, тамақтық және энергетикалық құндылығын сипаттайтын ерекшеліктерін бағалау;

24) **тамақ өнімінің энергетикалық құндылығы** - физиологиялық функцияларды қамтамасыз ететін тамақ өнімдерінен адам организмінде бөлінетін қуаттың мөлшері.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

### **саласындағы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады. (P991716 *қараңыз*)

### **3-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы**

1. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен өнімдер, материалдар мен бұйымдар айналымда бола алады.

2. Мынадай :

- 1) нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін;
- 2) оларды сараптау кезінде табылған сапасыздықтың айқын белгілері бар;

3) олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын, шығу тегін растайтын қ ұ ж а т т а р ы ж о қ ;

4) берілген ақпаратқа сәйкес келмейтін;

5) белгіленген жарамдылық мерзімдері жоқ (жарамдылық мерзімдерін белгілеу міндетті болып табылатын тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар үшін) немесе жарамдылық мерзімдері өтіп кеткен;

6) нормативтік құжаттарда көзделген мәліметтерді қамтитын таңбалауы жоқ;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өтпеген тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар айналымда бола алмайды.

#### **4-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігі: ( Р 0 0 1 7 8 3 *қ а р а ң ы з* )

1) тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік реттеу шараларын қолдану;

2) тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың тамақ өнімдеріне, материалдар мен бұйымдарға және олардың айналымының шарттарына нормативтік құжаттардың талаптарын орындау бойынша ұйымдық, агрохимиялық, ветеринариялық, технологиялық, инженерлік-техникалық санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) және фитосанитарлық іс-шараларды ө т к і з у і ;

3) тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігіне, нормативтік құжаттарға сәйкес олардың айналымының шарттарын сақтауға өндірістік бақылау жүргізу;

4) міндетті сертификаттауға жататын тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды с е р т и ф и к а т т а у ;

5) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу;

6) сапаны басқарудың прогрессивті жүйелерін енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

#### **5-бап. Тамақ өнімдерінің ,материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігі туралы ақпарат**

1. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігі туралы:

сатып алушыларға және (немесе) тұтынушыларға;

бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға толық және дұрыс ақпарат беруге міндетті.

2. Стандарттау, метрология және сертификаттау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария және фитосанитария саласындағы уәкілетті органдар өз құзыреті шегінде жеке және

з а ң д ы

т ұ л ғ а л а р д ы :

тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігі;  
тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігіне талаптар белгілейтін нормативтік құжаттар; ( P001783 *қараңыз*)

тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды мемлекеттік тіркеу;  
тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растау туралы;

сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды сатудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

**2-тарау. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу**

**6-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік нормалау**

1. Тамақ өнімдерінің (соның ішінде тағамдық және биологиялық жұғымды қоспалардың), материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігіне, орауға, таңбалауға, өндірістік бақылауға, олардың өнімге техникалық құжаттамаларының сәйкестігін бағалауына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен, нормативтік құжаттармен белгіленеді. ( P001783 *қараңыз*)

2. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы бойынша қауіпсіздікке қойылатын талаптар тиісті санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен, нормалармен және гигиеналық нормативтермен белгіленеді. ( V032403 ; V032526 ; V021989 *қараңыз*)

3. Ет, балық, құс, жұмыртқа және малдан алынатын басқа да шикізатты дайындау, сақтау, тасымалдау, өңдеу және өткізу кезіндегі сапа мен қауіпсіздікке қойылатын талаптар ветеринариялық (ветеринариялық-санитарлық) ережелермен , санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен, нормалармен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. ( P001783 ; V032410 ; V022105 *қараңыз*)

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, ветеринариялық (ветеринариялық-санитарлық) ережелерді және фитосанитарлық нормативтерді тиісінше стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган, халықтың

санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринариялық және фитосанитарлық қадағалау саласындағы уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бекітеді. ( Z040603 қ а р а ң ы з )

5. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарымен, санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен және нормалармен, гигиеналық нормативтермен, ветеринариялық ( ветеринариялық-санитарлық) ережелермен және фитосанитарлық нормативтермен белгіленген сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

### **7-бап. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды мемлекеттік тіркеу**

1. Өндіріске алғаш енгізілетін және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тағамдық және биологиялық жұғымды қоспалар, генетикалық түрлендірілген көздер, балалар тағамы өнімдері, сумен және тағам өнімдерімен байланыста болатын бояғыштар, материалдар мен бұйымдар мемлекеттік тіркеуге жатады. ( P001787 қ а р а ң ы з )

2. Өндіріске алғаш енгізілетін және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін балалар тағамы өнімдерін, тағамдық және биологиялық жұғымды қоспаларды мемлекеттік тіркеу халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізілуге т и і с .

### **3. Мемлекеттік тіркеу:**

1) дайындаушы (жеткізуші) беретін және тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың нормативтік құжаттардың, оларды дайындау немесе жеткізу шарттарының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың сараптамасын, сондай-ақ өткізілген сынау нәтижелерін;

2) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат берілген заттар мен өнімдерді, олар туралы, оларды дайындаушылар (жеткізушілер) туралы ақпаратты Мемлекеттік тізілімге енгізуді қамтиды.

4. Бір атаумен тамақ өнімдерінің, материалдардың, бұйымдардың бірнеше түрін мемлекеттік тіркеуге, сондай-ақ тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың бір түрін бір атаумен немесе әртүрлі атаулармен, оларды әртүрлі өндірушілер дайындаған жағдайларды қоспағанда, бірнеше рет тіркеуге жол берілмейді.



**8-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды сертификаттау және растау**

1. Міндетті сертификаттауға жататын тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың тізбесін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария және фитосанитарлық қадағалау саласындағы уәкілетті органдардың ұсыныстары негізінде стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының **Ү к і м е т і** **б е к і т е д і .**

2. Тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар үшін әзірленетін нормативтік құжаттамаларға енгізілетін сапа және қауіпсіздік көрсеткіштері стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария және фитосанитарлық қадағалау саласындағы уәкілетті органдармен міндетті түрде **к е л і с і л у г е** **ж а т а д ы .**

3. Тамақ өнімдеріне, материалдар мен бұйымдарға тамақ өнімдерінің айналымы саласында көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ сапа жүйелеріне сертификаттау жүргізу тәртібі (сәйкестік туралы декларацияны міндетті және ерікті түрде беру) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге **а с ы р ы л а д ы .** (**Z040603** **қ а р а ңыз**)

Міндетті сертификаттау тізбесіне кірмейтін тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беріле отырып, міндетті санитарлық-эпидемиологиялық сараптауға жатады. (**V032600** **қ а р а ңыз**)

4. Егер тамақ өнімдерінің айналымы саласында сертификаты және (немесе) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарды бұзса, осы бапта көрсетілген құжаттарды берген стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган олардың қызметін және аталған құжаттардың қолданылуы бұзушылық жойылғанға дейін тоқтата тұруға міндетті. Егер бұзушылықты жою мүмкін болмаған жағдайда, аталған құжаттар кері **қ а й т а р ы п** **а л ы н а д ы .**

Сәйкестік туралы декларация берген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бұзушылығы анықталған жағдайда, уәкілетті органдар тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар айналымы саласындағы қызметті дереу тоқтата тұруға, сәйкестік декларациясын қайтарып алу арқылы оның қолданылуын

тоқтатуға және сәйкестік декларациясының қолданылуын тоқтату туралы стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

**9-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік қадағалау және бақылау**

1. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау мен бақылауды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария, фитосанитарлық қадағалау саласындағы уәкілетті органдар мен стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады. (P001783 *қараңыз*)

2. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі және халықтың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындау, сондай-ақ сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың тұтыну рыногына келіп түсуін болғызбау жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізеді.

**10-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке және заңды тұлғалардың:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аумақтың және (немесе) объектінің санитарлық-эпидемиологиялық және эпизоотологиялық жай-күйі туралы дұрыс ақпаратты уақытылы алуға; (Z020361 *қараңыз*)

2) санитарлық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, ветеринариялық (ветеринариялық-санитарлық) ережелер мен фитосанитарлық нормативтерді орындау мақсатында зерттеулер жүргізу бойынша мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жүгінуге;

3) санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу), ветеринариялық және фитосанитарлық іс-шараларды өткізуге қатысуға құқығы бар.

2. Жеке және заңды тұлғалар:

1) мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарда белгіленген тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың, оларды дайындаудың, ораудың, таңбалаудың, сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің технологиялық процестерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптары бар техникалық регламенттер мен міндетті талаптарға сәйкес келетін техникалық шарттарды



әзірлеуге және бекітуге;

2) тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың жаңа түрлерінің сапасы мен қауіпсіздігіне оларды сынақтан өткізу әдістемесіне өндірістік бақылау жасау бағдарламаларын әзірлеуге және олар үшін міндетті жарамдылық және сақталу мерзімдерін нормативтік құжаттарға сәйкес белгілеуге;

3) тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың әрбір партиясының сапасы мен қауіпсіздігін, сондай-ақ тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы кезінде нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге;

4) тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды сатып алушылардың немесе тұтынушылардың талабы бойынша өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар беруге;

5) тамақ өнімдерінің орамасы мен таңбалануын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге;

б) сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың дайындалуын мұндай тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды дайындауға әкеп соқтырған себептерді жою үшін қажет мерзімге тоқтата тұруға міндетті. Мұндай себептерді жою мүмкін болмаған жағдайда сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың дайындалуын тоқтатуға, оларды айналымнан алып тастауға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сараптама жүргізуді, кәдеге жаратуды немесе жоюды ұйымдастыруға;

7) тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сақталуы мен тасымалдануын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге;

8) тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды тасымалдау мен сақтау кезінде тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың тиісті сапасын жоғалтуына және олардың қауіпті қасиеттерді сіңіруіне әкеп соқтырған бұзушылықтар туралы тиісті уәкілетті органдарға хабарлауға және оларды сараптамаға жіберуге;

9) санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринариялық-санитарлық сараптамалардың оң қорытындысы бар тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды өткізуге жол беруге;

10) егер тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың тиісті сапаларының жойылуына әкеп соқтырған бұзушылыққа жол берілсе және (немесе) олардың қауіпті қасиеттері пайда болса, бұл жағдайда олардың өткізілуін тоқтатуға оларды тұтынушылардан қайтарып алуды қамтамасыз етуге, сараптамаға жіберуге және олардың кәдеге жаратылуын немесе жойылуын ұйымдастыруға міндетті. (V021989 ; V032526 қараңыз)

### **3-тарау. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

#### **11-бап. Тамақ өнімдерінің, генетикалық түрлендірілген көздердің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар**

1. Халықтың тұтынуына арналған тамақ өнімдері, генетикалық түрлендірілген көздер, материалдар мен бұйымдар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құжаттарға сәйкес келуге, физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыруға, органикалық-лептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштер (химиялық, радиоактивтік, биологиялық заттар мен олардың қосындылары және микроорганизмдердің жол берілген құрамы) бөлігінде қойылатын талаптарға сай болуға тиіс.

2. Тамақ өнімдері, балалар тағамы өнімдері, олардың тағамдық, биологиялық және энергетикалық құндылығы орамада (ыдыста) көрсетілген нормативтік құжаттар мен ақпаратқа сәйкес келуге тиіс.

Диеталық және емдеу-профилактикалық тағам өнімдері, тағамдық және биологиялық жұғымды қоспалар арнайы мақсаттағы өнімдерге жатады және олардың азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес келетін қасиеттері мен сипаттамасы болуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жоғары және бірінші сортты бидай ұны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен міндетті түрде фортификациялануға (байытылуға) тиіс.

Витаминді-минералдық кешенді құрамның нормалары, оның сапасы, қауіпсіздігі, фортификациялау әдістері техникалық құжаттамаларға, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес келуге тиіс. (V032403 *қараңыз*)

#### **12-бап. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды әзірлеу кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар әзірлейтін техникалық құжаттамаға тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін көрсеткіштері, олардың жарамдылық мерзімдері, орауға, таңбалауға қойылатын талаптар дайындалуы мен айналымының шарттары, олардың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламалары, сынақтар әдістемесі, сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды кәдеге жарату

немесе жою тәсілдері енгізуге тиіс.

Техникалық құжаттама жобалары және тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың тәжірибелік үлгілері шикізатына қарай санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитарлық сараптауға жатады.

( Z 0 2 0 3 6 1 *қ а р а ң ы з* )

Аталған жобаларды жеке және (немесе) заңды тұлғалар санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы және (немесе) сараптама актісі болған кезде ғана бекітеді және олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

2. Бекітілген техникалық құжаттамадағы талаптар тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

3. Шығарылатын тамақ өнімдеріндегі жекелеген ингредиенттерді ауыстыру сол өнімге арналған нормативтік құжатқа келісім берген уәкілетті органның рұқсатымен, нормативтік құжатқа тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін жүргізіледі.

( V032600 *қ а р а ң ы з* )

**13-бап. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды дайындау және өндіру кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын**

**талаптар**

1. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды дайындау және өндіру үшін сапасы мен қауіпсіздігі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін шикізат қолданылуға тиіс.

2. Азық-түлік шикізатын дайындау және өндіру кезінде мемлекеттік тіркеуден, санитарлық-эпидемиологиялық және (немесе) ветеринариялық-санитарлық сараптамалардан өткен азықтық қоспаларды, малдың өсімін жеделдеткіштерді (соның ішінде гормонды препараттарды), пестицидтерді, агрохимикаттарды пайдалануға жол беріледі.

3. Балалар өнімдері, диеталық және емдеу-профилактикалық тағам дайындау мен өндіру кезінде азықтық қоспалар, малдың өсімін жеделдеткіштер (соның ішінде гормонды препараттар), дәрілік заттардың жекелеген түрлері, пестицидтер, агрохимикаттар, генетикалық түрлендірілген көздер және адамның денсаулығына қауіпті басқа да заттар мен құрамалар пайдаланылған азық-түлік шикізатын қолдануға тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында жоғары және бірінші сортты бидай ұнын оны фортификациялау талабын сақтамай өндіруге, әкелуге, сондай-ақ өткізуге тыйым салынады. ( V032526 *қ а р а ң ы з* )

**14-бап. Тамақ өнімдерін бөлшектеп өлшеп салу, орау және таңбалау кезінде олардың сапасы мен**

## **қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын**

### **талаптар**

1. Тамақ өнімдері сақталу, тасымалдау және өндірілу кезінде сапасы мен қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәсілдермен өлшеп оралуға және оралуға тиіс.

2. Тамақ өнімдерін өлшеп орау мен орауды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар тамақ өнімдерін өлшеп орау мен орауға, оларды таңбалауға, сондай-ақ тамақ өнімдерін өлшеп орау мен таңбалауға пайдаланылатын материалдарға қойылатын нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға міндетті.

3. Орауға арналған материалдар мен бұйымдардың этикеткаларында, жапсырмаларында, қосымша парақтарында және стикерлерінде тамақ өнімдерінің түрлері есепке алына отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған ақпараттан басқа, мемлекеттік және орыс тілдерінде:

1) өнімнің тағамдық құндылықтары (калориялылығы, белоктардың, майлардың, көміртегінің, витаминдердің, макро- және микроэлементтердің құрамы) ;

2) арнаулы және қолданылу (соның ішінде балаларға арналған, диеталық және емдеу профилактикалық тағам өнімдері мен биологиялық жұғымды қоспаларды) шарттары ;

3) дайын тағамды (тамақ өнімдерінің концентраттары мен жартылай фабрикаттары үшін) дайындау тәсілдері мен шарттары;

4) сақтау шарттары мен мерзімдері (сақтау шарттарына талаптар белгіленген тамақ өнімдеріне қатысты) және жарамдылық мерзімдері;

5) тамақ өнімдері дайындалған күн және оралған күн;

б) тағамдық және биологиялық жұғымды қоспаларымен қоса, құрамы және қолданылатын генетикалық түрлендірілген көздері туралы мәліметтері бар ақпарат болуға тиіс.

4. Фортификацияланған тамақ өнімдерінің орауы олардағы нормативтік құжаттарда көзделген мөлшерде витаминді-минералдық жиынтық құрамының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

### **15-бап. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды сақтау және тасымалдау кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге**

#### **қойылатын талаптар**

1. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды сақтау және тасымалдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды нормативтік құжаттардың

және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сай келуге тиісті арнайы жабдықталған үй-жайларда, ғимараттарда сақтауға жол беріледі.

3. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды тасымалдау үшін арнайы осы мақсаттарға арналған және (немесе) жабдықталған, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ресімделген санитарлық паспорты бар көлік құралдары пайдаланылады. ( P001783 *қараңыз*)

4. Байытылған (фортификацияланған) тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаты үшін сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің ерекше режимдері белгіленеді.

5. Егер тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды сақтау және (немесе) тасымалдау кезінде олардың тиісті сапасын жоғалтуға және олардың қауіпті қасиеттерін тудыруға әкеп соқтырған бұзушылыққа жол берілсе, бұл жағдайда олар өткізілуге жатпайды, тиісті сараптамаға жіберіп, соның нәтижелеріне сәйкес кәдеге жаратылады немесе жойылады. ( V032526 *қараңыз*)

**16-бап. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды өткізу кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар өткізілуге жатады. ( P001783 *қараңыз*)

2. Тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар:

1) сапа мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келмеген;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын тиісті сертификаты, санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы және (немесе) сараптама актісі мен олардың шыққан жерін анықтайтын өзге де құжаттар болмаған;

3) сапасыздығының айқын белгілері болған;

4) таңбалануы немесе нормативтік құжаттарда және осы Заңда көзделген мәліметтері бар ақпараты болмаған;

5) ілеспе құжаттамада келтірілген ақпаратқа атауы мен түрі және таңбалануы бойынша сәйкес келмеген;

б) жарамдылық мерзімі өтіп кеткен жағдайда оларды өткізуге жол берілмейді.

3. Егер тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды өткізген кезде тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың тиісті сапасының жоғалуына және олардың қауіпті қасиеттерге ие болуына әкеп соққан бұзушылықтарға жол берілсе, тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды өткізуді жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар мұндай тамақ өнімдері,

материалдар мен бұйымдарды өткізуден алып тастауға, олардың тұтынушылардан кері қайтарылуын қамтамасыз етуге, сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды сараптамаға жіберуге, ал қажет болған жағдайда, олардың кәдеге жаратылуын немесе жойылуын ұйымдастыруға міндетті.

**17-бап. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге**

**қойылатын талаптар**

1. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтпеген және олардың сапасы мен қауіпсіздігінің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжаттары жоқ тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды әкелуге тыйым салынады. ( P001783 ; Z040603 *қараңыз*)

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринариялық қадағалауды, фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды, олардың тауарлық ілеспе құжаттарын тексеруден өткізеді және мұндай тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында әкеліну мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

Егер Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар нормативтік құжаттарға сәйкес келмесе немесе қауіпті болып табылса, осы тармақта аталған лауазымды тұлғалар оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді уақытша тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдайды немесе оларды әкелуге тыйым салуды белгілейді.

4. Сараптама нәтижелері бойынша сапасыз және (немесе) қауіпті деп танылған тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды иеленуші оларды он күннің ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан алып кетуге міндетті.

Егер сапасыз және (немесе) қауіпті тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар осы тармақта белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілмеген болса, олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алып қойылады, кәдеге жаратылады немесе қойылады.

**18-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігіне өндірістік бақылау**



## **жасауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын**

### **талаптар**

1. Сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар айналымы жөніндегі қызметті нормативтік құжаттардың талаптары негізінде жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар әзірлеген тәртіппен жүргізіледі.

2. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аккредиттелген (аттестацияланған) зертханалар жүзеге асырады. ( P001783 ; V032526 *қараңыз*)

### **19-бап. Сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды айналымнан алып тастауға, оларды кәдеге жаратуға және жоюға**

#### **қойылатын талаптар**

1. Сапасыз және қауіпті тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар айналымнан алып тастауға жатады.

Сапасыз және (немесе) қауіпті деп танылған тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдарды иеленуші оларды айналымнан өзі алып тастауға немесе халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария, фитосанитарлық қадағалау саласындағы уәкілетті органдардың және стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның ұйғарымдары негізінде табылған кезден бастап дереу алып тастауға міндетті.

Уәкілетті органдардың ұйғарымдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым беруге болады.

2. Егер сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды иеленуші оларды айналымнан алып тастау жөнінде шаралар қолданбаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алып қоюға жатады.

3. Айналымнан алып тасталған сапасыз және қауіпті тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар олардың кәдеге жаратылу немесе жою мүмкіндіктерін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өткізілетін тиісті сараптама жасауға жатады. Сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды кәдеге жарату немесе жою туралы шешім Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сараптаманың нәтижелері бойынша қабылданады.

4. Шыққан жері белгісіз, сондай-ақ сапасыздықтың белгілері бар және осыған байланысты адамның өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін тамақ өнімдері, материалдар мен бұйымдар сараптамадан өткізілмей-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алып қоюға және жойылуға

ж а т а д ы .

5. Өңделген өнімді арналуы бойынша немесе оның жаңа атауымен одан әрі пайдалану тиісті санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыны ала отырып, санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың оң нәтижелері болған кезде ғана мүмкін болады.

6. Халыққа қауіп төндіретін залалды тамақтық және ауыл шаруашылық өнімдерін жою алдында олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зарарсыздандырылады.

Сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды жою және (немесе) көму кезінде, осы мақсаттар үшін көзделген жерлердегі ауа бассейнін, топырақты, жерасты суларын ластауды болғызбау үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның оң экологиялық сараптамасының болуы міндетті.

7. Сапасыз және қауіпті тағам өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сараптамасына, тасымалдануына, кәдеге жаратылуына немесе жойылуына қатысты шығыстарды оларды иеленушілер төлейді.

8. Аурулардың пайда болуы мен таралуын және адамдар мен жануарлардың улануын, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануын болғызбау мақсатында уәкілетті органдар тиісті актілердің негізінде сапасыз және қауіпті тағам өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың кәдеге жаратылуын немесе жойылуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. (V032410 *қараңыз*)

#### **20-бап. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қойылатын талаптар**

1. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру саласында қызмет көрсететін тұлғалар алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен гигиеналық оқытудан өтеді.

2. Тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар жұкпалы аурулармен ауыратын және әр түрлі ауруларды тарату көздері болып табылатын, сондай-ақ алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден және гигиеналық оқытудан өтпеген адамдарды жұмысқа жібермеуге және жұмыстан шеттетуге міндетті.

Жұкпалы, паразиттік аурулармен ауырады деп күдік келтірілген адамдар, олармен байланыста болған адамдар, сондай-ақ алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден өтпеген адамдар осы бапта аталған қызметке жіберілмейді. (V032526 *қараңыз*)

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

**21-бап. Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің  
сапасы мен қауіпсіздігі туралы заңдарын  
бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. ( P001783 ; K010155 *қараңыз*)

2. Айыппұл салу не өзге де өндіріп алулар кінәлі тұлғаларды келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтеуден босатпайды.

**22-бап. Осы заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*